

2013 жылға субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімі және ауыл шаруашылығы дақылдарын оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 116 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 21 маусымда № 4154 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген, Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 12-тармағына сәйкес, Жангелдин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімі 2013 жылғы 20 сәуірден бастап 31 мамырға дейін айқындалсын.

2. 2013 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Т. Абжамалова жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2013 жылғы 20 сәуірден бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

А. Кенжегарин

Әкімдіктің

2013 жылғы 14 маусымдағы

№ 116 қаулысына қосымша

2013 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Себу мерзімдері
1	Жазғы бидай	15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
2	Арпа	15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
3	Сұлы	15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін

4	Майлы дақылдар	15 мамырдан 30 мамырға дейін	бастап
5	Жемшөптік дақылдар	15 мамырдан 10 маусымға дейін	бастап
6	Көкөністер	25 сәуірден 10 маусымға дейін	бастап
7	Бақша дақылдары	25 сәуірден 10 маусымға дейін	бастап
8	Картоп	10 мамырдан 5 маусымға дейін	бастап
9	Шабындық шалғындандыру үшін көпжылдық шөптер	Бірінші мерзім-1 мамырдан бастап 31 мамырға дейін, екінші мерзім - 5 шілдеден бастап 10 қыркүйекке дейін	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК